

QAZAQ BILIMI

МАЗМҰНЫ

Баян Жумашевна Собалакова,	3
<i>З ұрпағы және заманауи білім беру</i>	<i>3</i>
Абутова Кулаш,	5
<i>Қазақ ертегісінің бала тәрбиелеудегі маңызы</i>	<i>5</i>
Батырбекова А.Е.,	6
<i>Экологиялық мәселелерді шешу жолдары</i>	<i>6</i>
Бегешова Зулфия Мукамметкалыевна,	7
<i>Дулат Исабеков «Әпке» драмасы</i>	<i>7</i>
Әлішбаева Гүлмира Дабылқызы,	9
<i>Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушының жазылым дағдысын дамыту</i>	<i>9</i>
Жамалова Акмарал Жарасовна,	10
<i>Ауылдың экологиялық мәселелері</i>	<i>10</i>
Жумабаева Бахтыгүл Сазанбековна,	12
<i>Табиғи апаттардың әлеуметтік -экономикалық гуманитарлық және экологиялық салдары</i>	<i>12</i>
Қасқырбаева Салима,	13
<i>Экология және адамның денсаулығы</i>	<i>13</i>
Оңгарбаева Айкерим Галпакбайқызы,	14
<i>Оқу процесінде бақылау мен бағалаудың маңызы</i>	<i>14</i>
Сайфенова Жамила Еркінқызы,	15
<i>Математика сабағында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру</i>	<i>15</i>
Тасымова Талигат Идаятовна,	16
<i>Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшектерді көбейтуді орындау</i>	<i>16</i>
Шалкарова Жанар Мухтаровна,	18
<i>Әліхан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметі</i>	<i>18</i>
Бажанова К. Л.,	19
Петренко Софией,	19
<i>«Работа над музыкальным образом в произведениях»</i>	<i>19</i>
Попова О. Е.,	22
Дьяченко Артёмом	22
<i>«Работа над полифонией»</i>	<i>22</i>
Ругина А.В.,	23
Сулейменов Алуа и Сунгат Бегимай,	23
<i>Старинные французские танцы – как средство полифонического мышления учащихся</i>	<i>23</i>
Ольшанская Т. В.	25
Шакержан Санжар,	25
<i>Первоначальные навыки игры на скрипке</i>	<i>25</i>
Толеубекова Гульшат Советовна,	27
<i>Математиканы оқытудың жаңа жүйесіндегі мәтіндік есептің маңыздылығы</i>	<i>27</i>
Кизатова Гульнар Жексенгалиевна,	27
<i>Әдемі көбелек</i>	<i>27</i>
Сембаева Айнұр Айгалиевна,	29
<i>10 саны</i>	<i>29</i>
Кульмухаметова Гульнур Жунусовна,	31
<i>Қазақ елінің батырлары</i>	<i>31</i>
Айтбаева Жанат Сералиевна,	33
<i>«Тәуелсіз елім-Тірегім!»</i>	<i>33</i>
Балмаканова Жанылсын Айжарыққызы,	34
Алимжанова Гулзия Таубаевна	34
<i>«Балабақша – тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы»</i>	<i>34</i>
Шуйншалина Айнамкоз Капановна,	35
<i>Праздник « Наурыз мейрамы»</i>	<i>35</i>
Болатбаева Сауле Муратбековна,	36
<i>Шыңдал</i>	<i>36</i>
<i>(5-11-сынып білімалушыларына арналған жаратылыстану және география пәндерінен танымдық көмекші құралы)</i>	<i>36</i>
Акбасова Асель Маратовна,	40
<i>Сөйлеу тілі бұзылған балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру барысында заманауи технологияларды қолдану ерекшеліктері</i>	<i>40</i>

БАЯН ЖУМАШЕВНА СОБАЛАКОВА,

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,

«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ,
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәні мұғалімі**Z ҰРПАҒЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ**

Ұрпақтардың даму теориясы әр мемлекеттің экономикалық дамуымен тығыз байланысты деп айтуға болады. Қазіргі таңда әлеуметтанушы сарапшылар тарапынан әрбір жиырма жылда өз ерекшелігі бар жаңа буын дүниеге келетіні туралы жиі айтылуда. АҚШ зерттеушілері Нил Гоув пен Уильям Штраус алғаш рет 1991 жылы жиырма жылдық буындардың жас айырмашылықтарының ерекшеліктері туралы талдау жасады. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, әр кезең шамамен 20 жылға созылады. Әр адамның қай буынға жататыны тек қана туған жылына ғана қатысты емес, сондай-ақ жанама белгілердің яғни адамның дағдысына, өмір салтына, кәсіби мәнеріне, жеке құндылықтары мен өзіндік мақсаттарының ықпалына да байланысты болуы мүмкін.

X («икс») ұрпақтары - 1963 жылдан бастап 1983 жылға дейін туылған адамдар. Олардың ерекшеліктері – олар өздеріне ғана сенім арта алады, әлемде болып жатқан нәрселер туралы хабардар болады, өз ойына балама ойлайды, таңдау жасауға және өздерін өзгертуге дайын адамдар. Олардың жұмыстары күрделі және жетістікке өз беттерімен жетуді мақсат етеді.

Y («игрек») ұрпақтары - 1983 жылдан бастап 2000 жылға дейінгі аралықта туылған адамдар. Олардың өз мақсаттарына жету мен жетістік туралы түсініктері өзгеше болып келеді: көп жағдайда олар дереу өсуді мақсат етеді де кәсіби өсуін төменгі деңгейден бастауды ұнатпайды. Бұл санат қатарындағы адамдар бірден бірнеше сала бойынша жұмыс атқарып, барынша көп ақпарат білуге және кәсіби мансапқа жетуге ұмтылады. Y ұрпағы - қазіргі заманғы бизнестің негізгі үміті. Олар әрдайым техникалық жағынан өте сауатты және өздерінің жұмыс уақытынан тыс кезде де қосымша жұмыс істеуге деген ұмтылысымен, білімге деген ынтасымен де ерекшеленді. Кейбір сарапшылардың пікірінше, алдағы онжылдықта да осы Y ұрпағы негізгі жұмыс күшіне айналады деп тұжырымдалуда.

Z («зет») ұрпағы – 2000 жылдан бастап туылған, заманауи технологияның тілін меңгерген бүгінгінің қазіргі заманның жастары. Олар ерекше дарынды, ерекше философия мен дүниетанымға ие, әрдайым қолында телефондарымен немесе өзге электронды құрылғыларымен бірге жүретін балалар. Оларды өзгеше нағыз "цифрлы балалар" деп атауға да болады. Олар болашақта біздің елдің экономикалық дамуының қалпына келуін қамтамасыз етуіне өз ықпалдарын тигізе алуы керек деген пайым бар. Олардың ішкі ұраны: «Мені тыңда, мені түсін, менімен сөйлес, мені бағала». Бүгінгі таңда олардың екі негізгі ерекше белгілері бар. Біріншіден, олар өте ақылды, тез түсінеді, ересек ұрпаққа жат көптеген нәрселерді қабылдайды. Екіншіден, олар өте сезімтал және осал. Осыған орай дәстүрлі білім беру әдіс-тәсілдері бүгінгі балаларға сай келмеуі мүмкін.

Соңғы кезде педагогтар мен психологтар Z буынының балаларына білім берудің жаңа реформаларын қарастырып, оның тиімділігін талдау

үстінде. Білім берудегі дәстүрлі қағидалар, ауыздан - ауызға, мұғалімнен шәкіртке тікелей беру әдістері қазіргі Z буыны үшін тым ескірген. Психологтар Z буынын «цифрлық ұрпақ» деп есептейді және оларды заман талабына сай оқыту цифрлық ортадағы алшақтықтан туындаған оқу мен дамудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі деп пайымдайды. Ол үшін Z буынына арналған оқытудың жаңа стилін таңдау қажет.

Z буынының ұрпақтарын оқыту саласындағы атақты американдық сарапшы Джули Коутс өзінің «Ұрпақтар және оқу стильдері» кітабында оқыту стилінің негізгі ерекшеліктері туралы [21] жазады. Ол ХХІ – ғасырдың мұғалімдерінен Z буынының ұрпақтарына білім беруде үлкен өзгерістердің талап етілетінін айтты. Өз заманында Z буыны оқушылары заманауи оқу стилін қалыптастыра отырып, озық технологиялардың көмегімен білім алуды қалауы – білім беруде мұғалімдерге жүктелген маңызды міндет. Педагогикадағы білімге бағытталған бағыт Z ұрпақтарының қалыптасуымен бірге барған сайын тұлғаға бағытталған бағытпен ауыстырыла бастады. Мұнда мұғалімнің міндеті тек білім ғана беру емес, жеке тұлғаның дамуына, мәдени құндылықтар әлеміне енуіне және өзін-өзі анықтауына педагогикалық қолдау көрсету болып табылады. Осылайша, ХХІ ғасырдың білім беру жүйесін **жеке тұлғаға бағытталған білім беру** деп сенімді түрде айтуға болады.

Джули Коутстың зерттеулері Z ұрпақтары туралы әлемдік тренд ретінде айтуға мүмкіндік береді. Ол АҚШ-тың білім беру жүйесіндегі дағдарыстан шығудың бірден бір жолы - ХХІ ғасыр оқушыларының қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқытудың жаңа әдістерін кеңінен енгізу деп есептейді. Олар қанағаттандыруға тиіс талаптар тұлғаға бағытталған тәсілдің принциптері мен функцияларына сәйкес келеді. Атап айтқанда, Джули Коутс анықтаған талаптардың бірі: **«Оқушы – басты назарда»**.

ХХІ ғасырда педагогика өзінің іргелі де негізгі қағидаларының бірі – тұлғаға қайта оралды. Тұлғаға бағытталған әдіс білім алушы өз жасына қарамастан жаңа білім беру кеңістігінің басты назарында болатындығын көрсетеді. Джули Коутстың талаптардың екіншісі: **«Бәсекелестіктің орнына ынтымақтастық»**. Джули Коутс қазіргі жағдайда мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі мұғалімнің оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы болып табылатын серіктестік сипатында екендігін және оның тікелей қызметі қажетті жағдайды қамтамасыз ету болып табылатынын жазады. Осылайша оқу үрдісіндегі ынтымақтастықтың құндылығын атап өтеді.

Джули Коутс мұғалімдерге Z буынына білім беруде заманауи оқу стилін қалыптастыруға көмектесетін төмендегідей қадамдарды ұсынады.

1. Оқушы көзқарасын білу

Жастар өзгенің білім беруінен бас тартады: бұл оларға болашақ өмір үшін мағынасыз болып көрінеді.

Олар "үлкен әлемде өз беттерімен еркін жүзуді" қалайды. Қазіргі заманғы оқу бағдарламалары оқушылардың жеке қасиеттеріне сәйкес құрылады және оларды тек бастауыш білім беруде жүзеге асырады.

Оқушы неғұрлым есейген сайын ол соғұрлым нақты өмірмен және ондағы өзінің жеке көзқарасымен байланысты емес абстрактілі "пәндерді" үйретуді талап етеді. Оқу жоспарларын құру және оны әзірлеу кезінде заманауи әлем мен білім алушының тиімді әрекет ету мүмкіндігі басты назарда болуы тиіс. Бұл — ХХІ ғасырда білім берудегі табысқа жетудің басты кілті.

2. Уақыт-басты құндылық

Уақыт—бүгінгі оқушылар үшін үлкен құндылық, оны тиімді жұмсау мүмкіндігі көбінесе олар үшін басты қажеттілік болып табылады. Олар жұмсалған уақыт, алынған ақпарат көлемі мен сол ақпараттан алатын "пайда" арасындағы тамаша қатынасты іздейді. Егер уақыт шығындары тым көп болса, олар берілген материалды оқудан мүлдем бас тартады немесе ақпаратты басқа жерден іздейді. Уақыт әрдайым жеткіліксіз, оны жоғалту тиімсіз. Зерттелетін ақпарат өте қажет болса да, нашар құрылымдалған және қосымша уақытты қажет ететін болса оқушылар оны басқа дереккөздерден іздей бастайды, мұны көптеген мұғалімдер оқушының "оқуды қаламауы" деп есептейді. Жоғарыда айтылғандардың барлығы көбінесе ер балаларға қатысты болып келеді.

Z буынының өкілдері бір нәрсеге 15-20 минуттан артық назар аударма ала алмайды. Олардың ойлау немесе тыңдау мүмкіндігі әлсірей бастайды. Сондықтан уақытты тиімді пайдалануды естен шығармау керек.

3. Оқу процесін жүйелі құрылымдау

Z буыны өте қарқынды дамудағы "реттелген" әлемде өсіп келеді және оқудан бірдей тәртіп пен логиканы талап етеді. Олар өздерінен не және қандай мерзімде талап етілетінін білгісі келеді. Тапсырмалардың мерзімдері мен оларға қойылатын талаптардың дұрыс сақталуы нақты көрсетілуі керек. Z буыны үшін мәтіндік материалдарды қабылдау оңай болуы керек, мәтіннің құрылымы оның мазмұнына сәйкес келуі керек, ал негізгі тармақтар визуалды түрде бөлектелуі керек. Сонымен қатар, бұл ұрпақ үшін оқытудың әр кезеңін қорытындылау және келесі кезеңге тапсырмаларды дереу қою өте маңызды.

4. Ең бастысы-нәтиже

Қазіргі оқушылар оқу процесінде, ең алдымен, нәтижеге назар аударады. Олар жаңа материалға көп мән беріп, "өткеннің қайталануын" және "бекітуді" елемейді, бұрынғы зерттелгенге қайта оралуды қаламайды.

Егер оқушылар емтиханда нәтиже ретінде тек жақсы бағаны көрсе – олар пәнді шынымен терең және жүйелі түрде зерттеуге назар аударуы екіталай. Бүгінгі оқушылар туғаннан бастап үлкен көлемдегі ақпаратқа қол жеткізе алатынын есте ұстаған жөн, яғни қазіргі бес жасқа дейін баланың өзінде атасы мен әжесіне қарағанда көбірек ақпарат болатыны рас.

Қазіргі оқушылар маңызды ақпараттарды қалай табу керектігін біледі, практикалық құндылығы бар қажетті нәрсені тез тауып, өзгемен бөлісіп, есте сақтай алады.

5. Диалог

Қазіргі оқытудың маңызды құрамдас бөлігі мұғаліммен және сыныптастарымен диалог құру болып табылады. Мұғалімдер мен оқушылар бетпе - бет кездесетін дәстүрлі оқу орындарында мұндай диалог үшін жеткілікті мүмкіндіктер бар, оларды тиімді

пайдалана білу керек. Z буының қашықтықтан оқытуда заманауи технологиялар көмегімен диалог жүргізудің ықпалы зор. Пәнді оқудың әртүрлі аспектілерін талқылауға мүмкіндік беру үшін мұғалімдер мен оқушылардың блогтарын пайдаланып, диалогты жүзеге асыруға болады.

6. Визуализация

Ең алдымен, кез-келген ақпаратты мүмкіндігінше визуализациялау керек. Дәстүрлі құралдарды (тақта, маркерлер) және оқытудың жаңа технологияларын (проекторлар, ұялы телефондар, компьютерлер) біріктіре отырып, сабақты жарқын, әсерлі, көрнекі ету маңызды. Z буыны визуалды ақпаратты жақсы қабылдайды. Жалпы, көптеген оқушылар үшін визуалды ақпаратты қабылдау басқаларға қарағанда ыңғайлы, әсіресе Z буынының ұрпағы үшін мұндай бейімділік айқын көрінеді. Қазіргі жастар кез-келген ұрпаққа қарағанда визуалды ақпаратты жақсы қабылдайды. Z буынының өкілдері сөздерден гөрі бейнелерді жақсы түсінеді. Суреттердегі немесе бейне түріндегі нұсқаулар оларға тиімдірек әсер етеді.

7. Ауызша сөйлеу

Әңгімелесу миды ынталандырады, ми-күрделі шешімдер мен қорытындыларға жауап беретін аймақ. Оқушылардың өзара сөйлесу қарым-қатынасы есте сақтауды ынталандырады және оқу процесіне динамикалық тұрғыда әсер етеді. Балаларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету керек, ол үшін оқушыларды тоқтату, оларды ақпаратты ойлауға және мұқият талдауға үйрету, содан кейін ғана жұмысты бастау керек. Мұғалімнің монотонды сөйлеуі және сыныпта баяу жүруі - Z буының тепе-теңдіктен шығаратын факторлар. Себебі, Z буыны жылдам ақпаратты жақсы қабылдайды. Оқу материалы оптимистік реңкте жақсы беріледі. Оқу процесіне оқытудың интерактивті нысандарын белсенді енгізу сабақтарды өткізуге үнемі жаңашылдық пен өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, бұл қазіргі заманғы оқушының назарын, қызығушылығын үнемі жоғары деңгейде ұстайды. Бұл білім алушылардың жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың тиімділігін арттыратыны сөзсіз.

8. Кері байланыс

Қазіргі оқушылар әрқашан өз болжамдарының қаншалықты дұрыс екенін, берілген материалды дұрыс түсінетінін, қандай қателіктер жібергенін білгісі келеді. Сол үшін кері байланысты жиі ұйымдастыруды қалайды. Кері байланыс арқылы мұғалімнің де оқушыға өзіне назар аударғаны үшін және абаққа белсенді қатысқаны үшін алғыс білдіруі маңызды.

9. Марапаттар

Z буынының өкілдері өздерін мадақтауды күте алмайды, олардың ойлау көкжиектері жақынырақ, олар өз тілектерінің тез орындалғанын қалап отырады. Олар үшін тапсырманы орындау мерзімін ғана емес, сонымен қатар алғашқы жеңістерге жету мерзімін уәде ету маңызды. Z буынының өкілдері мектептің әр байқауы үшін марапат алуға дағдыланған, жарыстарға қатысу туралы сертификаттарды, өздерінің фотосуреттерінің астында ұнатулар мен репосттар жинақтауды қалайды. Олар өздерін мақтауға үйренген, бірақ оларды ерекше нәрсе деп санамайды. Мақтау мен марапаттар Z буының ынталандырмайды. Олар одан да маңызды нәрселерді қалайды.

10. Ақылды көшбасшылық

Егер оқушылардың қандай да бір саладағы білімдері мұғалімге қарағанда тереңірек екені байқалса,

мұны мұғалімді менсінбеушілік деп есептеуге болмайды. Керісінше оларға осы білімді көрсетуге мүмкіндік берген дұрыс, егер мұғалім шынайы қызығушылық танытса, олар өз кезегінде өте риза болады. Бұл ұрпақтың өкілдері мұғалімнің "бәрін білуден" гөрі шебер және ақылды көшбасшы болғанын қалайды. Сондықтан мұғалім Z буынының дамуы мен қалыптасу ерекшеліктерін ескеріп, оларға өз ойларын жеткізуге мүмкіндік беру керек. Бұл өз кезегінде мұғалімге оқушылардың қажеттіліктерін тез бағдарлауға және оқу процесін тиімді жолға бағыттауға көмектеседі.

Қорытынды.

Әрдайым ұрпақтар бір-бірін алмастырады: X ұрпағы, Y ұрпағы, ал қазір Z ұрпағы өсіп келеді. Осы топтардың әрқайсысының балалық шағы өткен тарихи фонға, олардың жеке басы қалыптасқан оқиғалар мен

сәттерге байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Әр ұрпаққа өз көзқарасы қажет.

Жеке сипаттамалардың жалпы тұжырымдамасына сүйене отырып, сіз болашаққа көз жүгірте аласыз және Қазақстанның 2040 жылға қарай қандай болатынын үлкен сеніммен болжай аласыз. Осы уақытта Z буынының қалыптасқан құндылықтар жүйесі басым болады. Бұл ұрпақтың өкілдері өздерінің арғы аталарын қайталайды және олардың қатарынан әлеуметтік күшті ұлы мемлекеттің беделін жаңа биіктерге көтеретін ұлы қазақ ақындары, суретшілері, жазушылары мен музыканттары өседі деп болжауға болады. Болашақ балаларға тиесілі. Бұл тұжырыммен келіспеу мүмкін емес. 2000 жылдан кейін дүниеге келген Z буынының өкілдері өз болашақтарын өздеріне ыңғайлы етіп жасап алары сөзсіз.



Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
Технология пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІСІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Қазақ халқының тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі-ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі өз халқына, Отанға туып өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген.

Т. Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп, «Ертегі рухани тәрбиелік мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз естей алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын, материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі деп анықтама береді.

Әдебиет зерттеуші, ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ ертегілері не үшін қажет екенін, ертегінің қадірі туралы айтып, мән-мағынасын ашып көрсетеді.

Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі - тіл жағынан керек нәрсе. Баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге қажет. Баланы сөйлеуге де үйретеді. Бұрынғы өткен ата-бабамыздың өмір-салтынан да хабар бере алады.

Қазақ халқының ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттілікке үйретеді. Жамандықтан өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Әрдайым татулық жеңетінін көрсетеді.

Ертегілер оқушылардың адамгершілік және эстетикалық тәлім-тәрбиесінің дамуына ықпал жасайды.

Баланы мұратқа, жеңіске, жетістікке жету жолында белсенділікке, әділеттілікке, әрекеттілікке үйретеді. Өмірде кездесетін жайттардың яғни, жақсылық пен жамандықтың, мейірімділік пен қатігездіктің, шындық пен өтіріктің, әділеттілік пен әділетсіздіктің, әдемілік пен ұсқынсыздықтың, еңбекқорлық пен жалқаулықтың және т. б. ара жігін ажыратып түйсіне білуге, бағалай алуға жол ашады.

Қазақ ертегілері жайдан-жай бала көңілін аулау үшін емес, тәрбиелік мәні өте жоғары, адамды әрбір іс қимылына жауап беруге бейімдейді.

Адам баласында нашар деп бағаланатын көптеген мінездер бар. Соның бірі – жалқаулық. Жалқаулықты қаралайтын ертегілер мол болғанымен, дені баянға құрылады. Ертегіні тыңдау бір басқа да, оны сомдаудың жөні бір басқа. Жалқаудың рөлін ойнаушы бала өзі қайталап отырған болмыстың шын мәнінде кім екенін түбегейлі ұғынады да, ондай одағай әрекеттерді қайталамауға тырысады.

Шын мәнісінде, ертегі балалардың қалыптасуына бағыт көрсететін рухани азық. Мұны әлімсақтан білген ата-бабаларымыз батырлар жыры, жыршылық пен шешендік өнерді балаға кішкентай кезінен-ақ үйреткен.

Тарихқа көз жүгіртсек, Абай, Шоқан, Мұхтар сынды тұлғаларды әжелері ертегімен сусындатып, кітап оқуға бейімдеген.


Зере әжей өсірген ұлы Абай, Айғаным тәрбиелеген Шәкәрім де халықтың аңыз-ертегілерін

тыңдап, сусындап өскен. Осындай даналар мен даралар жаттап өскен ертегілерді бүгінгі балғындарды осылай сусындатсақ, қазақтың даналар жалғасы үзілмес еді.

Қазақ ертегілерінің шет ел ертегілеріне қарағанда мысал ретінде ағылшын, орыс халықтарынан басты айырмашылығы тектілік пен дәлдік, жігерлікті айрықша көрсетеді. Бұл қазақ болмысына тән қасиет деп айта аламыз. Ертегілердің баланың дамуына ықпалы ерекше екенін де естен шығармағанымыз жөн. Ертегі

балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырып, ой өрісін дамытып, шығармашылыққа баулуға әсері зор.

«Балаларымызды қалай ақылдырақ етуге болады?» деген сұраққа ғұламалардың бірі «Егер сіз балаңыздың ақылды болғанын қаласаңыз, оған ертегі оқыңыз. Егер одан да ақылды болсын деп армандасаңыз, одан да көп ертегі оқыңыз», – деген екен.



БАТЫРБЕКОВА А.Е.,

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
география пәні мұғалімі

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Ғасырлар бойы дамып, жаңа дәуірге бет бұрған өзгерістерге толы өркениеттің одан әрі дами түсіріне ешкімнің күмәні жоқ. Десек те, соқпақ-соқпақ жолдардан сүрінетін де кез болады екен. Қалай дейсіз ғой, өркениеттің жойылуына дейін аппаратын «күш» – ғаламдық проблеманың дер кезінде және міндетті түрде шешім таппауы. Өзегінен қиылып түскелі тұрған мұндай проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ бір нәрсенің жетіспей қалуы жазылмаған дәстүрге айналып барады. Ол не десеніз, үйлестірушіліктің жетіспеуі. Кей дереккөздерге сенсек, ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемалар құрайды екен. Өйткені...

Ғаламдық экологиялық проблема – ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық мәселелер кешені. Жай ғана, ауыз ауырып, жақ талғанша айтып қоя салатын нәрсе емес екенін бәріміз де білеміз. Тіпті бұл проблеманың адамзат үшін аса қауіптілігі сол, табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы секілді сұрықсыз көріністерге тап болуымыз ықтимал. Сол себептен де жаһан елдерінің ынта-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыру қажет. Жаһандық экологиялық қор сарапшыларының пікірінше, алдағы онжылдықта үш әлеуметтік-экономикалық тенденция – халықтың өсуі, ғаламдық орта тап және урбанизация жер экожүйелеріне қауіпті жүктемелерді күшейтеді. Болжам бойынша әлем халқының саны 2050 жылға қарай 9 миллиардтан асады. Халық санының өсуі, тамақтанбау және топырақ сапасының төмендігі табиғи ландшафтарды ауылшаруашылық мақсатта пайдалануға беру, тұщы су

беру қысымын жоғарылату да экожүйеге қосымша қысым түсірмек.

Экологиялық мәселелер маңызды мәселелердің бірі

Экологиялық мәселелер қазіргі кезде ең маңызды мәселелердің бірі, мықты мамандармен шетелдік құрылғылар мәселені уақытша шешуі мүмкін, бірақ оны болашақта болдыртпау үшін келе жатқан ұрпақты дұрыс тәрбиелеу керек. Экологиялық тәрбие халықаралық тәрбие, біз бір планетада тұрып жатқандықтан бір мемлекет халқының жасап жатқан іс әрекеті барлық халықтың ден саулығына әсер етеді. Экологиялық тәрбие бұл ұтымды және перспективалы процесс, егерде біз өзіміздің күнделікті өмірдегі қоқыс тастауды сорттауды үйренсек және табиғатқа деген жаман әсерімізді азайтсақ, біз көп шығын жасамаймыз. Экологиялық дағдарыстың көптеген себептерінің арасында (жер ресурстарының шектеулілігі, өндіріс қалдықтары, адамдардың табиғаттың даму заңдылықтарын білмеуі және пайдалануы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметіндегі кемшіліктер және т. б.) бар. оны экологиялық білім мен нигилизмнің экология заңдылықтарын ескермеуге байланысты кемшіліктерін түзетуге бағыттау үшін оны өзгерту арқылы жеңуге болады.

Атмосфераның табиғи жолмен ластануы

Атмосфераның табиғи жолмен ластануы жанартаудың атқылауына (Жер шарында бірнеше мың жанартау бар, олардың 500-ден астамы белсенді), тау жыныстарының үгітілуіне, шанды дауылдардың тұруына, орман өрттеріне (найзағай түскенде) теңіз тұздарының желмен аспанға көтерілуі мен ауадағы сулы ерігінді тамшыларының құрғауына, өлген

организмдердің іріп-шіруі процестеріне байланысты. Атмосфераны табиғи жолмен ластайтындарға аэропланктондар, яғни, әртүрлі ауру қоздыратын бактериялар, саңырауқұлақ споралары, кейбір өсімдіктердің тозандары, сонымен қатар космос шаң-тозандары жатады. Космос шаңы атмосферада жанған метеориттер қалдықтарынан пайда болады. Секундыша атмосфера арқылы үлкен жылдамдықпен (11-ден 64 км/сек дейін) 200 млн-ға жуық метеориттер ауа қабатынан өтіп отырады да, 60-70 км биіктікте көбісі жанып үлгереді. Ғалымдардың айтуы бойынша тәулігіне жер бетіне 1018 кішігірім метеориттер түседі.

Қоқыс қалауын тапса кіріс әкеледі

Соңғы жылдары экология мәселесі қоғамда ең көп талқыланатын және әлеуметтік резонанс тудыратын сұрақтардың біріне айналады. Жалпы, елімізде I категориялы 2000-нан астам ірі кәсіпорын тіркелген. Республика бойынша жылына шамамен 2-2,5 миллион тонна зиянды қалдықтар қоршаған ортаға тасталады. Сондай-ақ, экологиясы нашар қалалар ретінде ең бірінші ірі өндірістік аймақтар санатындағы Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Атырау облыстарын айта аламыз.

Еліміздегі зиянды заттардың 50 пайыз үлесі осы облыстарға тиесілі. Кәсіпорындар тарапынан жасалған жұмыстың өзі жеткіліксіз.

Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат ретіндегі құндылығын жояды.

Әр мемлекет өз елінің бас қалаларына ерекше көңіл бөледі. Заманауи инфрақұрылым, жаңа ғимараттар мен тұрғын үйлер, балабақшалар мен мектептер, қызмет көрсету және демалыс орындары – бәрі-бәрі шаһардың көркін ашатын, мәртебесін арттыратын нысандар болуы шарт. Халық көп шоғырланған мегаполистерде көше, аула, ауа тазалығын сақтау және бір тәулікте тау болып жиналатын қоқыс мәселесі еріксіз алаңдатады.

Әлемнің көп жерлерінде қоқысты өртеуге тыйым салынған, өйткені тұрмыс қалдықтарынан түрлі улы газдар бөлініп ауаны ластайды. Қалдықтарды өртеу АҚШ пен Жапонияда рұқсат етілген, бұл елдерде плазмалық газдау әдісі қолданылады. Жапондықтар өртелген қоқыс күлін арнайы құрылғылармен тығыздап, құрылыс заттарын өндіреді, ғимараттар тұрғызып, тіпті бүтін жасанды аралдар салып жатыр.





БЕГЕШОВА ЗУЛФИЯ МУКАММЕТКАЛЫЕВНА,

Маңғыстау облысының білім басқармасының

«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		5.1.1.1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау. 5.1.2.1 Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.		
Сабақтың мақсаттары		Шығарманың мазмұнын түсіндіре алады, тақырыбы мен идеясын анықтайды, жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды, жазушы пікірінен ой түюге болатындығы туралы өз пікірлерін білдіреді.		
Жоспар				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: шеңбер құрып балаларды бір-біріне тілек айтқызып, психологиялық ахуал туғызу. Қызығушылықты ояту. Ой қозғау мақсатында: -Балалар, сіздер әңгіме оқығанды ұнатасыздар ма? Неліктен?	Оқушыларға берілген тірек сөздердің мағынасын ашады, жаңа тақырыпқа болжам жасайды. Тақтадан суреттер көрсетіледі.	ҚБ Мадақтау	8-сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығы

	-Д. Исабековтың қандай шығармалары сіздерге көбірек ұнайды? -Қандай тақырыптар туралы қалам сермеген? Олай болса, балалар, сабағымызды бастамас бұрын «Отбасы », «Бауыр», «Мейірімділік», «Сыйластық» деген сөздердің мәнін ашып, бүгінгі тақырыппен байланысын анықтайық. «Отбасы», «Бауыр», «Мейірімділік», «Сыйластық» «Суреттер: не болды? » әдісі. Тақтадан суреттер көрсетіледі. Оқушылардан суретте не болып жатқанын және түсіндіріп берулері сұралады. Білім алушының назарын шоғырландыру үшін қосымша жетекші сұрақтар қойылады:  - Суреттен не байқадыңдар? - Бұл қандай адамдар? Олардың бойында қандай жақсы қасиеттер бар деп ойлайсыз? - Бүгінгі сабақтың тақырыбы не жайлы? Болжаңыз. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.	Оқушылардан суретте не болып жатқанын және түсіндіріп берулері сұралады. Тақырыпты болжайды. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.											
Сабақтың ортасы	Мағынаны тану. «Тұлғаны таны» әдісімен Д. Исабеков туралы білетін ақпараттарын кластер әдісімен қорғайды.  Электронды оқулық арқылы Д. Исабековтің «Әпке» драмасының қысқаша мазмұнын тыңдату. 1-тапсырма. «Уақыт тізбегі» әдісі. (жеке жұмыс) Оқушылар «Әпке» драмасының мазмұнын талдай отырып, шығармадағы оқиғаларды рет-ретімен «Уақыт тізбегі» әдісі бойынша сызбаға жазады.  2-тапсырма. Тапсырма. Отбасы және Бауыр сөзінің мағынасын анықтап, осы сөздер қатысқан мақал-мәтел тауып, кестені толтырыңыз. <table><tr><th>Сөз</th><th>Мағынасы</th><th>Мақал-мәтел</th></tr><tr><td>Отбасы</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Бауыр</td><td></td><td></td></tr></table> 3-тапсырма. Драманың тақырыбы мен идеясын анықтап, Әпкеге тән қасиеттерді тірек сызба арқылы көрсетіп, тақырып бойынша ойларыңды қорытындылаңдар. 	Сөз	Мағынасы	Мақал-мәтел	Отбасы			Бауыр			«Тұлғаны таны» әдісімен Д. Исабеков туралы білетін ақпараттарын кластер әдісімен қорғайды. Оқушылар «Әпке» драмасының мазмұнын талдай отырып, шығармадағы оқиғаларды рет-ретімен «Уақыт тізбегі» әдісі бойынша сызбаға жазады. Отбасы және Бауыр сөзінің мағынасын анықтап, осы сөздер қатысқан мақал-мәтел тауып, кестені толтырады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды; Әпкеге тән қасиеттерді тірек сызба арқылы талдайды; Тақырып бойынша ойларыңды қорытындылайды.	Дескриптор: -Драманың мазмұнын түсінеді - мазмұнына талдау жасайды. -1 -Шығармадағы оқиғалар тізбегін сызбаға түсіреді-1 Дескриптор: - «Отбасы» сөзінің мағынасын ашады-1 - «Бауыр» сөзінің мағынасын ашады-1 - Мақал-мәтелді тауып жазады-1 -Кестені толтырады-1 Дескриптор: - Драманың тақырыбы мен идеясын анықтайды-1 - Әпкеге тән қасиеттерді тірек сызба арқылы талдайды-1 - Тақырып бойынша ойларыңды	Д. Исабековтың «Әпке» драмасы
Сөз	Мағынасы	Мақал-мәтел											
Отбасы													
Бауыр													

			қорытындылай ды-1	
Сабақты ң соңы		«SMS хабарлама» әдісі Оқушы сабақ барысы қалай өткенін толықтай меңгеру үшін және қалыптастырушы бағалауды сабақ барысында оқу үдерісін түзетіп отыру үшін тиімді қолданамын.		

ӘЛІШБАЕВА ГҮЛМИРА ДАБЫЛҚЫЗЫ,

«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Педагог-зерттеуші

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Білім берудегі тілдік дағдылардың көздеген мақсаты әрбір тұлғаның жеке қабілеттерін ашып, өмірге бейім адамды қалыптастыру болса, соның ішінде жазылым дағдысының көтерер жүгі өте ауыр. Жазылым - өнімді дағдылар қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу.

Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдысы арқылы оқушылардың еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырамыз. Бұл дағдылар сабақ үстінде өзара байланысты бірізділікпен жалғасын тауып жатады.

Жазылым **продуктивті дағдылар** қатарына жатады. Яғни **продуктивті дағды дегеніміз** тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: шығармашылық бағыттағы сипаттау, баяндау (шағын әңгіме, эссе, қойылым сценарийі) және белгілі бір аудиторияға бағытталған дәлелді мәтіндер (үндеу хат, пікір, мақала, жарнама) жазу, (әңгіме, шығарма, эссе жазу, хат жазу, қорытынды шешім шығару, өз көзқарасын білдіру т. б.

Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. **Біріншісі** – сауаттылық, ал **екінші** тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу; 2. Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
3. Пунктуацияны дұрыс қолдану; 4. Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу;
5. Сөздерді дұрыс таңдай білу; 6. Грамматиканы дұрыс қолдану;
7. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
8. Абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Стилді дұрыс таңдай білу; 2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;

3. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу. Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады.

Жазылымда қарастырылатын тағы да бір екі аспект- үйлесімділік пен жүйелілік.

Үйлесімділік дегеніміз- сөйлеу және жазу тілінде грамматикамен сөздердің

логикалық үйлесімде болуы. Ал үйлесімділік құралдарына үстеулер (кейін, сосын, келесі); есімдіктер (ол, сол, бұл,); шылаулар (дегенмен, әйткенмен, себебі), т. б. жатқыза аламыз.

Жүйелілік дегенге келетін болсақ, ол оқырманға түсінікті болу үшін жазу

тіліндегі идеялардың жүйелі және логикалық дұрыс байланыста болуы.

Сыныпта белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

1. Әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр) .
2. Ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау.
3. Шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру.
4. Түзету (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру) .
5. Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу) .
6. Дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары **продуктивті** жазылым және **процесті** жазылым. Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасау. Белгілі бір жазылым мәтіні, оның мазмұны, лексикасы, стилі және құрлымымен таныстырып, талдау жасату керек. Сонымен қатар үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер де мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс

жасауды қамтамасыз етсе, бұл **процесті** жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге, соңғы

нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастырту. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалайды, яғни өз жұмысының артықшылығы мен осал тұстары туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Жазылым дағдысын дамытуда ПОПС-формуласын қолдану өте тиімді әдіс. .

Мысалы, тақырыпты *Тасбақа* деп берсек,

Менің ойымша, тасбақа - табиғаттың ерекше жаратылған бір мүшесі.

Себебі, оның тас сауығы (панцирі) оған әрі киім, әрі үйі, әрі қорғаныш құралы болып табылады.

Мысалы, оған қауіп төнсе, сауытына тығылып қорғанады, алайда жыртқыш құстар оны лақтырып жіберіп, ішкі жұмсақ денесін жеп кетеді.

Қорыта айтқанда, жай жүріп, ұзақ жасайтын тасбақаны қорғауға алу керек, -деп оқушы өз көзқарасын төрт сөйлем арқылы білдіре алады.

Немесе оқушылардың берілген мақаланы өңдеп жазу арқылы да жазылым дағдысын дамытуға болады. Мысалы, газет-журналдардан жағымсыз хабар жазылған

қиынды мақала алып, ол мақаланы қайта өңдеп жазуды тапсыруға болады. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді теріп жазып, сол сөздердің қарсы антоним сөздерін тауып, жағымды мақала жазып шығады.

«Дербес пікір жазу» тәсілі арқылы да оқушы өзіндік пікір идеясын, мысалдармен дәлелдеп, қорытынды түйін жасай алады. Бұл тәсіл эссе жазу әдісіне өте жақын.

Эссе жазуда тақырыпты түсіну маңызды. Баяндалатын мәселе бірден тыңдаушының назарын аударатындай болғанын жақсы көремін. Эссе жазудың ресми ережелерінен тек бір нәрсені ғана атауға болады – ол тақырыптың болуы. Ішкі құрылымы еркін түрде жазылуы мүмкін.

Жазба жұмысында жіберілетін басты қателік – көпсөзділік. Белгілі бір уақыт ішінде көлемді, ұтымды сөзбен бір ойды бірнеше рет қайталамай, тыңдаушыны шатастырмай, басты тақырыпты жасырын қалдырмай ашып баяндаған орынды. Екінші, ұзақ болып келетін сөйлемдер. Сөйлем көлемді, ұзақ болса, соншалықты, жақсы болады дейді кейбір ғалымдар. Бір-ақ бұл шындыққа жанаспайды. Ұзыннан шұбатылған сөз автордың дұрыстығын дәлелдей алмайды, ал қысқа сөйлемдер үнемі жақсы әсер қалдырады. Сондықтан көлемді сөйлемдерден кейін, қысқа жинақы сөздермен жалғастырып отырған жөн.



ЖАМАЛОВА АКМАРАЛ ЖАРАСОВНА,

Маңғыстау облысының білім басқармасының

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің

«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
география пәні мұғалімі

АУЫЛДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алғаш рет 1866 жылы неміс биологы Э.Геккель (1834-1919) қолданған бұл термин тірі организмдердің қоршаған ортамен байланысы туралы ғылымды білдіреді. Ғалым жаңа ғылым тек жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету ортасымен байланысын қарастырады деп ойлады.

Бұл термин XX ғасырдың 70 жылдарында біздің өмірімізге берік кірді. Алайда, бүгінде біз экология проблемалары туралы іс жүзінде әлеуметтік экология — қоғам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесу мәселелерін зерттейтін ғылым ретінде айтамыз. Меніңше, бүгінгі таңда "экология" ұғымы грекше "oikos (тұрғын үй)+ Iodos (оқу)" терминін өз үйі туралы ғылым ретінде, яғни биосфера, оның даму ерекшеліктері және осы процестегі адамның рөлі туралы алғашқы түсінікке жақын.

Бүгінгі таңда әлемдегі экологиялық жағдайды сыни жағдайға жақын деп сипаттауға болады. Арасында жаһандық экологиялық проблемаларды алуға болады:

-өсімдіктер мен жануарлардың мыңдаған түрлері жойылууда;

- орман жамылғысы едәуір жойылды;

- пайдалы қазбалардың қолда бар қоры тез қысқаруда;

- дүниежүзілік мұхит тірі ағзалардың жойылуы нәтижесінде таусылып қана қоймай, табиғи процестерді реттеуші болуды тоқтатты;

- көптеген жерлерде атмосфера ластанған, ал таза ауа тапшы;

- барлық тірі ғарыштық сәулеленуден қорғайтын озон қабаты ішінара бұзылған;

- жер бетінің ластануы және табиғи ландшафттардың бұзылуы: Жер бетінде адам жасанды түрде жасаған элементтер болмаса да, бетінің бір шаршы метрін анықтау мүмкін емес.

Осындай құбылыстардың қала ішіне күн сәулесінің ультра күлгін сәулесі жетпейді. Сондықтан қала ішінде неше түрлі жұқпалы ауру тарайтын микробтар көбейіп кетеді. Олар неше түрлі көз, тері, өкпе дерттерін адамдарға дарытады. Адамдар көп мөлшерде ауруға шалдығады. Атмосфераның түтін және газ қосындыларымен ластануы адам денсаулығына зиянды құбылыстар туғызады. Бұл құбылыс әсіресе метеорологиялық жағдайдың әсерінен ауа сирек алмасатын қалаларда жиі кездеседі оны смог деп атайды. Ағылшын сөзі – тұман деген мағына береді. Фотохимиялық тұман өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесіне, сондай – ақ адамзат баласына өте үлкен зиян келтіруде.

Біздің ауыл үйлердің, қоршаулардың, дүкендердің сұлулығымен ерекшеленеді...

Үйлер жақсы сақталған, қоршаулар боялған, көше бойында, жеміс ағаштары бар. Дәстүр бойынша адамдар сыпырып, аулалары мен көшелерін тазалайды. Бірақ "өркениет" жаман із қалдырды. Қазіргі уақытта біз адамдар көшені ластай бастаған қоқысты жиі байқаймыз. Бұл пластикалық бөтелкелер, пленка, қоқыс сөмкелері. Сынған жолдар көлбеу көрініс береді. Әр көшеде қараусыз қалған үйлер бар, олар ұқыпсыз адамдардың жасырын түрде тастап кеткен қоқыс жиналатын орындарға айналған. Мен өз жұмысымды оқушыларға арналған сауалнамадан бастадым, онда сұрақтардың бірі мынадай болды: **"Туған ауылда, туған ортаны қалай елестеткіңіз келеді?"**. Барлығының бір жауабы болды: таза су, таза ауа, құнарлы топырақ, қауіпті ластаушы заттардың болмауы.

Қазіргі уақытта сіз ауылдың орталығында ағаш кесуді көп кездестіре аласыз. Мәселелерді шешу жолдары.

1. Мектеп оқушылары мен ауыл жастары арасынан шыққан волонтерлар жасағының аумақты жинау бойынша жұмысы

2. Мектепте және ауылда ағарту жұмыстарын жүргізу: экологиялық парақшалар, плакаттар, экологиялық кештер, үгіт бригадаларының сөз сөйлеулері, ауыл тұрғындарына үндеу жасау.

3. "Балалары қоршаған ортаны зерттейді" сияқты экологиялық тақырыптағы түрлі деңгейдегі конкурстарға белсенді қатысу, ұйымдастыру.

4. Өсімдік жамылғысын қалпына келтіру, ағаш отырғызу.

5. Тұрғындармен ағарту жұмыстары:

Жасыл әлем мен планетаны және менің кішкентай Отанымды көргім келеді. Табиғат біздің ортақ игілігіміз және ортақ үйіміз. Жақында бұл үйде өмір сүру қиындай түседі және қолайсыз болады. Біздің әлемдегі барлық нәрсе бір-бірімен байланысты, табиғат нәзік және осал, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне жан ашымау, ессіз көзқарастың салдары апатты болуы мүмкін. Бірақ бізде бір планета бар, біреуі барлық жер бетінде, ал екіншісі қайта болмайды. Әрбір тұрғын қазіргі және болашақ ұрпақ үшін табиғатты сақтау үшін бүкіл адамзат алдында жауапты. Қоқысты пайдалы пайдалануға болады – пластмассадан жасалған қалдықтардың бір бөлігін гүл бақшасын жабдықтау үшін пайдалануға, түрлі қолөнер бұйымдарын, құс фидерлерін және т.б. жасауға болады; шыны ыдысты мүмкіндігінше қабылдау пунктіне тапсыруға; жақсы жағдайда киілмейтін киімді мұқтаждарға беруге; кітаптарды, журналдарды кітапханаға тапсыруға; ескі ойыншықтарды балабақшаға беруге болады. Қоршаған ортаны қорғауға әркім өз үлесін қоса алады. Біз болашақ ұрпақ үшін сақтау өте маңызды нәзік әлемде өмір сүріп жатырмыз, сондықтан өз үйімізден бастап экологияға қамқорлық жасау өте маңызды.



ЖУМАБАЕВА БАХТЫГУЛ САЗАНБЕКОВНА,
Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
география пәні мұғалімі

ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК -ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Ақтау — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы қала, Маңғыстау облысының орталығы. Қала теңіз және әуе порты болып табылады.

1964 жылдан 1991 жылға дейін украин ақыны Тарас Шевченконың құрметіне "Шевченко" аталған болатын.

Қала Каспий теңізінің шығыс жағасында орналасқан. Қаланың оңтүстік шығысында 40 шақырым жерде әйгілі Қарақия ойысы жатыр. Жер бедері тегіс, ол негізінен коррозиялық және дефляциялық әрекеттерден түзелген.

Кеңестік ғылымға сәйкес Еуропа мен Азияның шекарасы Мұғалжардан басталып, Ембі өзенінің бастауына дейін, одан Ембі бойымен Каспий теңізіне дейін жүргізілетін. 1950 жылдарға дейін Қазақстан аймағындағы Еуропаның шекарасы Жайық өзенінің бойымен өтетін.

2010 жылдың сәуір-мамыр айларында Орыс географиялық қоғамының экспедициясы Еуропа шекарасын Мұғалжар арқылы, одан Каспий маңы ойпаты (Шығыс Еуропалық жазығы бітіп, Үстірт үстіртінің батыс бөлігі өтетін жер) арқылы өту керек деген қорытындыға келді. Мұндай жағдайда Еуропа шекарасы қазіргіден әлдеқайда оңтүстікке қарай ығысады. Қазіргі кезде Орыс географиялық қоғамының ғалымдар тобының пікірі Халықаралық географиялық одақтың қолдауына ие болмады. Демек, егер Халықаралық географиялық одақ Орыс географиялық қоғамының қорытындысын қолдаса, Маңғыстау облысының бір бөлігі Еуропада орналасқан болып шығады.

Ақтау өндірістік қала, мұнай және газ өндіріледі. Қалада теміржол вокзалы жоқ. Поездар Маңғыстау станциясына келіп тоқтайды. Қала мен станция арасында №105 автобусы мен таксилер қатынайды, автобустардың бағасы 80 теңге, таксилердің бағасы шамамен 300теңге ара қашықтығы – 20 км.

Ақтау порты Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан. Ақтау түрлі халықаралық құрғақ жүктерді, мұнай шикізатын және мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған Қазақстандағы жалғыз порт болып табылады.

Катаклизмдер (табиғи апаттар) – жер бетінде (немесе ғарышта) болып жатқан, қоршаған ортаның

бұзылуына, материалдық құндылықтардың жойылуына әкелетін, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін құбылыстар мен процестер. Олар әртүрлі себептермен пайда болуы мүмкін. Олардың көпшілігі адам әрекетінің нәтижесінде қалыптасуы мүмкін. Табиғи катаклизмдер мен апаттар қысқа мерзімді (бірнеше секундтан) және ұзақ мерзімді (бірнеше күн немесе тіпті айлар) болуы мүмкін.

Парниктік эффект құбылысы мұздықтардың еруіне және Дүниежүзілік мұхит деңгейінің жоғарылауына әкелетін көмірқышқыл газының атмосфераға бөлінуінің жоғарылауымен байланысты. Парниктік эффект адам денсаулығына, олардың өмір сүру жағдайына және жалпы планетаның климатына қатты әсер етеді. Парниктік әсердің нәтижесінде әлемнің көптеген бөліктерінде күн сайын табиғи апаттар орын алуа.

Табиғи апаттар бір-бірінен тәуелсіз де, өзара байланыста да болуы мүмкін: олардың біреуі екіншісіне әкелуі мүмкін. Олардың кейбіреулері көбінесе адамның ақылға қонымды емес әрекетінің нәтижесінде пайда болады (мысалы, орман және шымтезек өрттері, таулы аймақтардағы өндірістік жарылыстар, бөгеттерді салу, карьерлерді төсеу (игерту) кезінде, бұл көбінесе көшкіндерге, қар көшкініне әкеледі. , мұздықтардың опырылуы және т. б.).

Апаттар жергілікті және ғаламдық катаклизмдер болып екіге бөлінеді. Біріншісі олар болған аймаққа жойқын әсер етеді. Ғаламдық - өсімдіктер мен жануарлардың кез келген түрлерінің жойылуына әкелетін биосфераға әсер етеді. Олар жер бетіне климаттың өзгеруімен, халықтардың ауқымды миграциясымен, өліммен және адамзаттың толық немесе ішінара жойылуымен қауіп төндіруі мүмкін.

Сонымен қатар көлік жолдарының зақымдануына, тұрғын үй тұрмыстық жағдайдың нашарлануына, халықтың апат аймағынан кетуіне, жерасты дүмпуінің қайталануын күтуінің нәтижесінде адамдардың ұнжырғысының түсуіне әкеліп соғады.

Жер сілкінісі салдарының аса ауыр түрлері ғимараттар мен үйлерді сейсмикалық күшейту бойынша жұмыстар жер сілкінісі қауіпті ескерусіз жүргізілетін құрылыс пен ғимараттарда пайда болады.

Халықты, аумақты және шаруашылық объектілерінің ықтимал жер сілкінісінен қорғау мақсатындағы шаралар мыналарды қамтиды: сейсмологиялық бақылау мен жер сілкінісінің болжамының республикалық жүйесін дамыту; сейсмикалық аудандастыру сапасын жақсарту; сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау және салу; халықтың сейсмикалық білімін жақсарту; басқару;

хабарлау мен байланыс жүйелерін тұрақты дайындықта болуын ұйымдастыру; дамыту және қолдау; жер сілкінісі кезінде Азаматтық қорғаныс күштерін тарту және тұрақты дайындықта ұстау.

Азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының және өзге де шараларға жер сілкінісі салдарын жою жоспарына сәйкес өзге де шараларға басшылық жасау

ҚАСҚЫРБАЕВА САЛИМА,

Маңғыстау облысының білім басқармасының

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің

«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
география пәні мұғалімі

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Экология – тірі организмдердің тіршілік ортасымен арақатынасын зерттейтін биологиялық ғылым. Бұл ғылымға алғаш қызыға қараған Аристотель болса, оның оқушысы “ботаниканың әкесі” Геофаст еңбектерінде өсімдіктерге де типографиялық, географиялық жағдайдалардың ықпал ететін, климат пен ауа райының өсімдіктердің өсуіне, жемісінің пісуіне, гүлі мен жемісінің иісіне де әсер ететін атап көрсеткен. Карл Линей өсімдіктер мен жануарлардың қоршаған орта мен байланысын зерттеген. Ал экология деген терминді 1866 жылы австралиялық ғалым – биолог Э. Геккель ұсынды. “Экология” деген гректің *oikos* – үй, мен және *logos* – оқу деген сөздерінен құралған. Қарапайым тілмен айтсақ, қоршаған орта мен тіршілік арасындағы қатынасты, табиғаттағы тепе – теңдікті сақтау мәселелері экология деп түсіну керек. Экология ғылымы қазіргі табиғи ортаның адам денсаулығына жануарлар мен өсімдіктердің организмне тигізетін әсерін және тағы басқа өзгерістерді зерттейді

Ғасырлар бойы дамып, жаңа дәуірге бет бұрған өзгерістерге толы өркениеттің одан әрі дами түсеріне ешкімнің күмәні жоқ. Десек те, соқпақ-соқпақ жолдардан сүрінетін де кез болады екен. Қалай дейсіз ғой, өркениеттің жойылуына дейін апаратын «күш» – ғаламдық проблеманың дер кезінде және міндетті түрде шешім таппауы. Өзегінен қиылып түскелі тұрған мұндай проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ бір нәрсенің жетіспей қалуы жазылмаған дәстүрге айналып барады. Ол не десекіз, үйлес-тірушіліктің жетіспеуі. Кей дереккөздерге сенсек, ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемалар құрайды екен. Өйткені...

Ғаламдық экологиялық проблема – ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық мәселелер кешені. Жай ғана, ауыз ауырып, жақ талғанша айтып қоя салатын нәрсе емес екенін бәріміз де білеміз. Тіпті бұл проблеманың адамзат үшін аса қауіптілігі сол, табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы секілді сұрықсыз көріністерге тап болуымыз ықтимал. Сол себептен де жаһан елдерінің ынта-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыру қажет. Жаһандық экологиялық қор сарапшыларының пікірінше, алдағы онжылдықта үш әлеуметтік-экономикалық тенденция – халықтың өсуі, ғаламдық орта тап және

урбанизация жер экожүйелеріне қауіпті жүктемелерді күшейтеді. Болжам бойынша әлем халқының саны 2050 жылға қарай 9 миллиардтан асады. Халық санының өсуі, тамақтанбау және топырақ сапасының төмендігі табиғи ландшафтарды ауылшаруашылық мақсатта пайдалануға беру, тұщы су беру қысымын жоғартылату да экожүйеге қосымша қысым түсірмек.

Әлемдік экономиканың шарықтауымен орта тап өседі деп күтілуде. Ал 2030 жылға қарай тағы 5 миллиард адам күнделікті тұтынуы 10-100 АҚШ доллары аралығында болатын адамдар санатына қосылады деген болжам бар. «Бұл өсімнің үштен екісі Азияда болады және энергия, тамақ, ғимараттар мен көлікке деген сұраныстың артуына әкеледі. Бұл тенденциялар климаттың өзгеруіне, био-әртүрліліктің жоғалуына, жердің тозуына, химиялық ластануға, халықаралық судың тозуы мен ормандың жойылуына қауіп төндіреді» деп дабыл қағуда экологтар.

Рас, халық санының өсуінің көп бөлігі қалалық жерлерде, сондықтан 90 пайыз ластанудың көзі болып табылады. Мәселен, парниктік газдың дүниежүзілік шығарындыларының 70 пайыздан астамы қалалық жерлерде. Өркениетке көшу экономикалық тұрғыдан ұтымды, дегенмен мәселенің екінші ұшы экологияға тірелетінін ұмытпауымыз керек. Сондықтан халықтың тұтынған тауары мен тұрмыстық қалдықтарын қалдықсыз игеру мәселе-сі айтылып жүр. ҚР Индустрия және инновациялық даму министрлігінің мәліметінше, елімізде қалдықтардың 22 млрд тоннасы астам тоннасы жинақталған. Оның 16 млрд тоннасы – техногенді минералды құрылымдар, 6 мыңға жуық тоннасы – өндіріс орындарынан шығатын қауіпті қалдықтар.

Осылайша, жыл сайын елімізде 700 мил-лион тоннаға жуық өнеркәсіптік қалдық жиналады. Олар жол жамылғысы сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін арзан әрі тиімді құрылыс материалдары екенін ескере отырып, аталмыш материалдарды республикалық маңызға ие автомобиль жолдарының құрылысы мен реконструкциясы саласында пайдалану қоршаған ортаны қорғауда, ресурстарды рационалды қолдануда үлес қосуда.

**ОНГАРБАЕВА АЙКЕРИМ ГАЛПАКБАЙКЫЗЫ,**

Маңғыстау облысының білім басқармасының

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің

«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Білім мен ғылымның дамуы – Қазақстанның рухани жаңғыруына әсер етуші фактор. Бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті – жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер әрбір педагогтің ойлануына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Бұл жөнінде ұлы педагог Ы.Алтынсариннің: «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деген түйінді сөзі ойыма оралады.

Бүгінгі таңда оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, яғни оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Деңгейлік бағдарламалар мазмұнындағы «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі — оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну, оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілмен байланысты болмақ.

Білімді бақылаудың негізгі мақсаты — оқушылардың білім алудағы жетістіктерін анықтау, білімін тереңдету және болашақта оқушыларды қоғамдық іс-әрекетке қосылудың алғышарттарын жасау. Бұл мақсат, ең алдымен, оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын анықтаумен тығыз байланысты болады. Екіншіден, басты мақсаттың айқындылығы өзін-өзі бақылау мен өзара бақылауды қабылдауды үйренумен және өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау қажеттілігін қалыптастырумен байланысты болмақ. Үшіншіден, бұл мақсат оқушылардың орындалған жұмысқа деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру тәрізді жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді жоспарлайды [1].

Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады, себебі «есепке алу», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған [2].

Бақылаудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар, олардың ішінен ең негізгілері: ауызша мен жазбаша тексеру.

Ауызша тексеру. Бақылаудың мақсаты мен тексерілетін материалдың мазмұнына байланысты ауызша тексеру әр түрлі ұйымдастырылады. Тексеруге қойылған мақсаттар арасынан мыналарды бөліп алуға болады: үй жұмысының орындалуын тексеру, жаңа материалды игеруге дайындықтарын анықтау, түсініктілік және жаңа материалды игеру дәрежесін тексеру. Мазмұнына байланысты тексеру алдыңғы өткен сабақ бойынша немесе бөлек бөлімдер және тақырыптар бойынша жүргізіледі.

Ауызша тексеру әдісінің екі негізгі бөлімі бар:

– тексеру сұрақтарын және олардың тапсырмаларын құрастыру;

– қойылған сұрақтарға оқушының жауабы.

Тексеру сұрақтары мен тапсырмаларды құрастыру — ауызша тексерудің басты элементі болып табылады. Сұрақтардың сапасы олардың мазмұнымен, оқушының жауап беру кезінде ақыл-ой әрекетімен немесе сөйлеу мәнерімен анықталады [3].

Жалпы алғанда, жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны, яғни, тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі таңда ауызша және жазбаша әдістерінен басқа оқыту сапасын арттыруда әртүрлі ойын әдістері қолданылады. Оларға: «Бір сөйлеммен түйіндеу», «Графикалық органайзерлер», «Дарабоз», «Динамикалық шеңбер», «Домино», «Еркін жазу», «Жаңалық ашамыз», «Күтіңіз және түйіндеңіз», «Қатені тап», «Құпиясы жоқ қабырға», «Минуттық шешім», «Ой күмбезі», «Парасатты диалог», «Пікірлер базары», «Маңыздылық аймағы», «Хикая картасы», «Стоп кадр», «Сықырлы ұяшық», «Кейс-стади» және тағы басқаларын жатқызуымызға болады [4].

Осы жоғарыда айтылған әдістерді пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға үйретеді, оқушыларға мүмкіндік жасалынады және мұғалімнің сәтті таңдалған бірнеше бақылау әдістері арқылы оқушылардың білімдерін объективті бағалауға, белгілі бір уақыт аралығындағы атқарылған іс пен алған білімдерді бақылауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқушының өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу – ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін танып, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Бұл бағытта атқарылатын жұмыстар өте көп. Өйткені ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқытып, ғылыми ізденіс

қабілеттерін қалыптастыру – міндет. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі ұрпақ тәрбиелеу керек екенін естен шығармауымыз қажет.

Бұл мақалада оқушылардың білім, білік дағдыларын бақылау мен бағалаудың маңызы, оның мақсаты мен негізгі қолданылатын әдістері қарастырылған. Ауызша жәнне жазбаша тексеру әдістерінің маңызы, орны мен бөлімдері, жайлы мәселер қамтылған.



САЙФЕКЕНОВА ЖАМИЛА ЕРКІНҚЫЗЫ,

Маңғыстау облысының білім басқармасының

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің

«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Математика пәні мұғалімі

Педагог-зерттеуші

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақ санасының шамшырағы Ахмет Байтұрсыновтың «Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» деген қанатты сөзінің мағынасы бүгінгі күнмен де ұштасып жатыр.

Бүгінгі таңда оқушының материалдық жағынан қамтамасыз ететін ата - ана болса, рухани, мәдени, интеллектуалдық сана - сезімінің өсіп жетілуіне әсер ететін бірден бір қуатты күш - мұғалім. Сондықтан көптеген оқушылардың өздерінің ұлағатты ұстаздарына еліктеуі еш дәлелдеуді қажет етпейді. Бірақ кей жағдайларда оқушы мен мұғалім арасындағы қайшылықтар, оқушының білім сапасына, мұғалімнің еңбек жемісіне кері әсерін тигізеді. Демек мұғалімнің күнделікті сабақта оқушысын баурап алуы, қызығушылығын арттырып, шығармашылық ізденіске тәрбиелеуі - таптырмайтын табыс.

«Білім - бір құрал. Білімі көп адам - құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» - деп, А. Байтұрсынов айтқандай, қысқаша бірнеше тақырыпты жалаң игергеннен, бір тақырыпты толық, жетік меңгерген абзал.

Әрине оны одан әрі толықтырып, жетілдіру қажет. Ол үшін әрбір тақырып, әрбір есеп жан- жақты зерттеліп, сараланып, барып оқушыларға түсіндірілуі қажет.

Ғылыми - техникалық прогресс дәуірінде математиканың негізін меңгеру жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің - бір негізгі элементі болып табылады. Жалпы білім беретін орта мектептің математика бағдарламасында: «Оқушылардың математикаға ынтасын дамыту мұғалімнің негізгі мақсаты болып

табылады» деп атап көрсетілген. Шынында, мұғалімнің өзінің беретін пәніне оқушылардың ынта - ықыласын оята білуінен сабақ табысты болып қана қоймайды, соның нәтижесінде оқушылар күнделікті өмірде және қазіргі қоғамда пайдалы еңбек еткенде қажет болатын білімді саналы түрде меңгеретін болады.

Оқушылардың математикаға деген ынтасын арттыру жолдарының бірі - сабақ барысында оның тәжірибелік және қолданбалы рөлін ашып көрсету. Сондықтан жаңа тақырып өткенде, теореманы дәлелдеу кезінде немесе есеп шығару барысында әрқашанда өмірмен байланыстырып отырған жөн. Өтіп жатқан жаңа тақырыпты оқушыларға мұндай жолдармен таныстыру олардың теориялық материалдың мағынасын терең түсініп, танымдылық өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сол себептен мұғалімдер математиканы қолданбалы және тәжірибелік бағытталуы неден тұратынын терең түсінулері дұрыс болады. Математика пәнін оқытуда қолданбалы бағытты ашып көрсету - бұл оқушылардың болашақта қандай мамандықтарды болмасын кең пайдалануына жол ашады. Математика пәнінің қолданбалы бағытын көрсету оқушыларға заманауи көзқарасын қалыптастырады. Ол үшін математика тарихының деректері өте пайдалы. Математика мұғалімінің негізгі алға қоятын мақсаты - бастапқы математикалық түсініктер, олардың өзара байланысы, математикалық заңдылықтар, математика әдістерінің өзімізді қоршап отырған өмірден, абстракциялау арқылы құбылыстардан алынатынын көрсете білу.

Математикада көптеген шамалар жеке - дара өзара байланысты түрінде қарастырылады. Ал шамалар

функция арқылы өрнектеледі. Математикада берілген функционалдық байланыстар- бізді қоршаған өмірге тән қозғалыстар мен дамуларды сипаттайды. Мысалы, сызықтық тендеуді өткенде өмірдегі бірсыпыра процесті бейнелейтіндігін көрсету қажет. $S=v \cdot t$ - бір қалыпты қозғалыста жүрген жол мен уақыттың, $C= \pi d$ – шеңбердің ұзындығы мен диаметрінің арасындағы байланысты математика бір формуламен ғана көрсете алады. Математиканың маңыздылығы-барлық мамандыққа қажеттілігінде.

Кейбір есептердің тәжірибелік мазмұнын жетілдіру үшін мұғалім қажетті өзгертулер енгізуіне болады. Өзгерістер арқылы есептің қолданбалы мағынасы ашыла түседі, сондықтан есеп жаңа мағынада беріледі. Мысалы:

Есеп. « L түзуі және осы түзудің бір жақ бетінде жататын A және B нүктелері берілген. A және B нүктелерінен L түзуіне дейінгі ең қысқа қосынды қашықтықты табыңдар». Бұл есепті келесі түрде өзгертуге болады: « Өзеннің бір жақ бетінде A және B қалаларына дейін жол жасауға құрылыс материалдарын аз жұмсау үшін, көпірді өзеннің қай жеріне салуға болады? ».

Бұл есепті екі нұсқада шығаруға болады. Бірақта екінші жағдайда оқушылар математикалық есептерді тәжірибеде қолдана білуге үйренеді, ынталанады және есепті шығаруға қызығушылықтары артады. Заман талабына сай күнделікті сабаққа видео,аудио қондырғылары мен теледидарды,компютерді қолдану баланың білімге қызығушылығын арттырып,кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады.


ТАСЫМОВА ТАЛИГАТ ИДАЯТОВНА,
Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
Саламат Мұқашев атындағы «№16 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Математика пәні мұғалімі
Педагог-зерттеуші

**ОНДЫҚ БӨЛШЕКТІ НАТУРАЛ САНҒА ЖӘНЕ ОНДЫҚ БӨЛШЕКТЕРДІ
КӨБЕЙТУДІ ОРЫНДАУ**

Оқу бағдарламасына сай оқыту мақсаттары:	5.1.2.28 Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшектерді көбейтуді орындау
Сабақтың мақсаттары:	Оқушыларға ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшектерді көбейту дағдысын қалыптастырады. Ондық бөлшекті натурал санға көбейту ережесін тұжырымдай алады. есеп шығаруда ережені қолдана алады.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңдері	Педагогтың әрекеті:	Оқушының әрекеті:	Бағалау	Ресурстар
Ұйымтас-тыру кезеңі 5 минут	Оқушылармен сәлемдесіп, Тәттілер салынған қораптан қарамай кезейсоқ тәттіні алып, сол бойынша топқа бөлемін. Оқушылардың көңіл күйін сұрап, түгелдеймін. Өзін-өзі бағалау парақтарын таратамын. Үй жұмыстарын дайын слайд көмегімен тексеремін. Сабақтың мақсатын таныстырамын.	Сәлемдесу. Қораптан қарамай тандап алған кәмпит атымен аталған топқа жайғасу. Әр оқушы слайдка қарап жауап береді. Сабақтың мақсатымен танысады; сұрақтар болса мұғалімге жолдайды	Бағалау парақтарына «Көршінді тексер» әдісімен бірін-бірі + немесе – қойып бағалайды	Тәттілер; Бағалау парағы; Слайд; оқу құралдары 
Сабақтың басы 10 минут	Өткен тақырыптар бойынша сұрақ-жауап еске түсіру. 1) Ондық бөлшек дегеніміз не? 2) Ондық бөлшектерді қосудың және азайтудың алгоритімін айт.	Сұрақтарға жауап береді;	Дескриптор: -ондық бөлшекті біледі-1 - Ондық бөлшекті қосу, азайту алгоритімін біледі-1	Бағалау парағы; карточкалар
	Жаңа тақырыпты слайд көмегімен түсіндіру Ондық бөлшектерді көбейту алгоритімі: 1) Үтірге назар аудармай, натурал сандарды көбейткендей көбейту керек.	Мысалдар: 183 × 12 366 + 183 2196 1213 × 24 4852 + 2426 29112	мадақтау	Бағалау парағы; карточкалар

	2) Шыққан көбейтіндіде оң жақтан ондық бөлшекте үтірден кейін неше ондық таңба болса, сонша цифрды үтірмен айыру керек. 7, 465×10=74, 65 7, 465×100=746, 5			
Сабақтың ортасы 20 минут	Оқушылардың жаңа тақырыпты түсінгенін тексеру үшін тез орындалатын тапсырмамен тексеріп көремін. Түсінбеген оқушыларға көмек беремін $\begin{array}{r} 314,21 \\ \times 8 \\ \hline 251368 \end{array}$ $\begin{array}{r} 0,274 \\ \times 3 \\ \hline 822 \end{array}$ $\begin{array}{r} 5,14 \\ \times 2,5 \\ \hline 2570 \\ + 1028 \\ \hline 12850 \end{array}$	Оқушылар слайдтағы тапсырмаға ауызша жауап береді. Үтірдің қай таңбалар арасына түсетінін немесе қай орынға қойылатынын анықтайды $\begin{array}{r} 314,21 \\ \times 8 \\ \hline 251368 \end{array}$ $\begin{array}{r} 0,274 \\ \times 3 \\ \hline 0,822 \end{array}$	Дескриптор: -көбейтіндінің дұрыстығын тексереді-1 -үтірді тиісті орынға қояды-1	Слайд; Бағалау парағы.
	Ал, балалар бағанағы алған тәттілеріңізбен шәй ішсек қалай қарайсыздар? Олай болса, «Кеседегі шәй» тапсырмасын орындайық. Жеке тақтаға оқушыларды шығарып, кеседегі шәйді алу арқылы тапсырмаларын орындатамын	ЖЖ 1-тапсырма. $0,3 \cdot 6 = 0,03 \cdot 1,5 =$ $0,4 \cdot 9 = 0,4 \cdot 0,2 =$ $5 \cdot 0,8 = 0,9 \cdot 1,1 =$	Дескриптор: -көбейтіндінің мәнін табады-1	бағалау парақтары, дәптер
	Балалар шәйге тағы бірнәрсе жетпей тұрған сияқты. Бургер жесек қалай қарайсыздар? Олай болса мына тәрелкедегі бургерлерді екеу ара бөлісіп жейік. Жұптық жұмыс ретінде екеу ара тәрелкеге бургер бейнесінде жасалған тапсырмалар таратып беремін. Бургер жеу үшін есептерін шығару керектігін айтамын Есептерді түсіне қарай сатылап орындайсыз. Күлгіндерге бірдей сан жазылады және т.с.с. $0,5 = 0,5$ $2,2 = 2,2$ $0,2 = 0,2$ $0,25 = 0,25$ $0,1 + 0,125 + 40 \cdot 0,012 = 0,6$	3-Тапсырма. «Бургер» жұптық тапсырмасы Оқушылар дұрыс шығарса осылай шығады $0,6 \cdot 0,5 = 0,3$ $15 \cdot 2,2 = 33$ см $75 \cdot 0,2 = 15$ $0,8 \cdot 0,25 = 0,2$ $0,1 + 0,125 + 40 \cdot 0,012 = 0,6$ Оқушылар дайын слайдтағы жауаппен басқа жұптың тапсырмасын тексереді	Дескриптор: -фигураларға тиісті мәнді дұрыс таба алады-1	Бургер тапсырма-лары, слайд, оқу құралдары 
	Бүгін бір тойып жегеніміз болсын, бір-бір жұмыртқа жесек қайтеді? Әр топ басшысын шығарып, топ басышларына тақтада тұрған жұмыртқалардан 1-еуден алуды ұсынамын. «жұмыртқа ашу» әдісімен берілген фигураның ауданын табады топпен шығарады. Үш топқа үш түрлі фигура бердім. <u>Оқушылар:</u> тапсырмаларды топпен орындайды, тапсырманы бірінші болған топ қоңырау басу арқылы белгі береді. Мұғалім есептерінің дұрыстығына көз жүгіртеді. Барлық топтар болған соң, топбасшылар «Елші» әдісімен келесі топқа барып өз тапсырмаларын түсіндіріп шығады	4-тапсырма. Топтық жұмыс «Жұмыртқа ашу» тапсырмалары 	Дескриптор: -фигураның ауданын таба алады-1	Жұмыртқа ашу тапсырмасы Постерлер, маркер, оқу құралдары тақта
Сабақтың соңы 10 минут	Ал енді тоқбасар ретінде телефондарыңды алып QR код арқылы тест тапсырмаларын орындап тастайық кәне балалар!	Оқушылар learningapps.org платформасы арқылы тест тапсырмаларын орындайды https://learningapps.org/view18824371	Тапсырма орындалып болған соң бірден 3 баллдық шкаламен жауаптары шығады.	 https://learningapps.org/view18824371

Кері байланыс	Оқушыларға алдын ала парталарына дайындап қойған үш түрлі алманың бірін таңдап ағашқа ілулерін сұраймын. Алма ағашы арқылы оқушылардан кері байланыс аламын. Бағалау жұмыстарын жинап аламын. Оқушылардың белсенділігіне қарай, жинаған ұпайына қарай бағалап өтемін Үйге тапсырма: №2 есеп	Оқушылар алма ағашына алмаларды іледі Сары түс - орташа түсіндім. Қызыл түс-толық түсіндім Жасыл түс-білмеген, түсінбегенім көп болды Күнделіктеріне жазып алады	Бағалау парақтары бойынша жалпы ұпайдың пайызын шығарып 1-10 баллдық шкаламен бағалау	Алма ағашы Бағалау парағы 
---------------	--	--	---	---

ШАЛКАРОВА ЖАНАР МУХТАРОВНА,
Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№16 Саламат Мұқашев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
Тарих пәні мұғалімі

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Ұлттық тәуелсіздік күресінің жемісі болып саналатын Алашорда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясы тарихы ұлт зиялылары, оның ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы жемісі ретінде болды. Себебі кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе негізінде қалыптасқан ойлар ел өміріндегі елеулі оқиғалар мен фактілерді көп жағдайларда біржақты етіп көрсетіп, ақиқатты бұрмалап теріспікірлерге негізделген теориялық тұжырымдамалардың пайда болуы мен орнығуына жол ашты. Алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілі Әлихан Бөкейхан қазақ елін отарлық езгіден құтқаруда, ұлт-азаттық жолындағы күресте, өз мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы күресте әрдайым көш бастаушы болды. Әлихан Бөкейханның алға қойған басты мақсаттарының бірі мемлекеттілік мәселесі еді. Мемлекеттілік мәселесін шешуде Ресей Думасын, патша әкімшілік органдарын пайдалануға тырысты. XX ғасырдың бас кезінде Әлихан және басқа да қазақ зиялылары мемлекеттік жайындағы өз ой-пікірлерін «Айқап» журналы, «Қазақ», «Дача уалаяты», «Алаш», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Бірлік туы» газеттері арқылы халыққа жеткізуге тырысты. Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметі мен мемлекеттілік үшін жүргізген күресін зерттеу бізге XX ғасыр басында қазақ қоғамы балама даму жолы болды ма, әлде большевиктер ұсынған бағыт жалғыз ба еді, міне сол сияқты күрделі мәселені терең ұғыну үшін қажет. Зерттеудің тарихнамасы. Қазақ халқының отаршылдық, қоныстанушылар саясатқа деген көзқарасын, кең далаға көлдей ағылған келімсектермен арадағы қарым-қатынасын, күресін, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат –мүддесін ашып көрсете алған. Сондай –ақ, халқымыздың көкейтесті мәселелері тіл, сөз бостандығы, дін мәселесі де қозғалады. Әлихан қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттесе керек. Әсіресе, кіші жүздің, кейінірек Орта жүз бен Ұлы жүз хандықтарының Ресейдің қол астына енуінің себеп-салдарына көп көңіл бөлгені аңғарылады. Тарихшы К. Нұрпейісов Қазақстан – республика менің. Қазақ Совет мемлекетінің құрылуы еңбегінде «қазақтың ұлттық-демократиялық интелгенциясының жетекшілері, біріншіден, патшалық Россияның халықты қорлайтын

отарлау саясатының мәнін әшкерелеуі және қазақтардың этнос ретінде сақталып қалуы үшін оның келешегіне қатер төндіріп отырған патша өкіметінің өлкені кеулеп бара жатқак жан-жақты экспансиясын тоқтатуды мақсат етті. Екіншіден, олар заң шығарушы және басқарушы үкімет органдарының алдында кадеттер ұсынған үлгімен әртүрлі петициялар арқылы талап-тілектер қою демонстрациялар мен шерулер ұымдастыру, мемлекеттік Думаның сайлауына белсенді түрде қатысып, парламентке халық өкілдерін өткізу үшін күресуді мұрат тұтты- деп көрсетеді. Зерттеудің деректемесі. XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздікжәне отар-шылдық құлдыктан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап осы мақсатта дала өңірінде қызу қызмет жүргізді. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді.

«Қазақ жеріне қоныс аударушы орыс шаруаларымен орыс қазақтарының саны басы мәрі олардың қолында қару бар. Билікте солардың жағында, біз оларды ішке тартып, біз сендерді ешқайда қумаймыз сендерге жаулығымыз жоқ, бірігіп мемлекет құрайық, бірлесіп әрекет етейік деп түсіндірейік. Сосын барып, тәуелсіздікті жариялайық»-деген.

Қазақ елі үшін асыл ғұмырын сарп етіп, қабырғасы қайысқан әрі мемлекетті Алаш әскері арқылы қуаттап, қаһармандық үлгісін көрсету – Әлихан Бөкейхандай тұлғаға ғана тән адалдық, Алаш кеменгеріне тән көрегенділік пен тұрақты табандылық деп білеміз. Қаламы мен қаруын күрес құралына айналдыра білген, азаттық, тәуелсіздік сынды қасиетті ұғымды бүгінгі күнмен ұштастырған Алаш көсемдерінің жанқияр ерліктері Мәңгілік Ел перзенттерінің жадында ғұмыр бойы жанданып, жаңғыра бермек. «Елдің

тұрмысын, тілін мінезін білмеген кісі көш басында алып жүре алмайды», -Әлихан Бөкейхан. Елім жерім деп өз өмірлерін құрбандыққа шалған бір туар азаматтарымызды ұмытпай дәріптеу біздің міндетіміз. Себебі қазіргі жастардың өз еліне отансүйгіштік рухын көтеруге тиіс. Елбасы айтқандай ХХІ ғасыр жастардың қолында. Өйткені олар басқа әлемдік елдерінде қазақ байрағын биік ұстауға міндетті. Осыған орай Алаш қайраткерлерімізге арнап олардың еңбектерін келешек

ұрпаққа жастарымызға насихаттай отырып, оларды Тәуелсіз Қазақстанымызды әрі қарай өркендетуге және көркейтуге үлестерін қосады деп ойлаймын. Әлихан Бөкейхановтың мына сөзімен: «Ұлтына жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» аяқтауды жөн көрдік. Тек қана ұлт, ел, жер, Отан үшін қызмет етейік.

Әлиханның атқарған ісі кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы әлі де жан-жақты талданып, зерттеле түспек.



БАЖАНОВА К. Л.,

ГККП «Центр детского творчества»
ГУ «Отдел образования города Текели
Управления образования области жетісу»
Преподаватель по классу фортепиано
с учащейся 3 класса
ПЕТРЕНКО СОФИЕЙ

«РАБОТА НАД МУЗЫКАЛЬНЫМ ОБРАЗОМ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ»

Цель: Раскрыть музыкальный образ, язык музыки, средствами музыкальной выразительности.

Задачи:

Образовательная:

-на примере разнохарактерных пьес сформировать представление о музыкальном образе.

Развивающая:

-работать над выразительностью исполнения, преодолением исполнительских трудностей, навыком публичного выступления, развить творческую самостоятельность в работе над музыкальным образом.

Воспитательная:

- воспитать образное мышление, интерес к изучению произведения, эмоциональную отзывчивость при передаче художественного образа.

Тип урока: комбинированный.

Форма урока: индивидуальная.

План урока:

1. Организационный момент (1 мин)
2. Гаммы и упражнение Ш. Ганона (7 мин)
3. Г. Гладков - «Песенка Львёнка и Черепахи» (15 мин)
4. Ф. Рыбницкий – «Кот и мышь» (15 мин)
5. Итог урока (2 мин)

Ход урока:

1. Организационный момент: Посадка за инструментом, концентрация внимания (1 мин) .
2. Гаммы и упражнение Ш. Ганона (7 мин) .

Перед работой над данными произведениями очень полезно уделить немного времени игре упражнений на разные виды техники, разогреть ручки.

Техника (от греческого слова *techné* – искусство, мастерство) , нужна во всех видах искусства. На всех этапах обучения техника, как средство музыкальной выразительности, даёт возможность свободнее, глубже, полнее раскрыть содержание музыкального произведения.

Итак, начнём урок с упражнения, предназначенного для разыгрывания. Для этого используем упражнения из сборника Ш. Ганона № 1.

Необходимо обращать внимание на качество звука при игре. При игре очень важно высоко поднимать пальцы, играть каждую ноту и точно соблюдать синхронность обеих рук. Полезно также добавлять движения кистью, что больше приблизит исполнение упражнений к реальным произведениям. Важно следить за работой 1 пальца, его активностью.

Гаммы пианисту нужны всегда. Их освоение начинается в младших классах детской музыкальной школы и продолжается в консерватории. Они

«одинаково полезны как начинающему, так и весьма продвинутому ученику и даже опытному искусному исполнителю» - Замечает К. Черни.

В работе над гаммами обращается внимание на гибкость и пластичность руки, целесообразность и экономия движений, управляемость техническим процессом, звуковой результат.

Играем гаммы в тональности До мажор – в противоположном движении, аккорды, ре минор – гармонический и хроматическая гамма от соль # в противоположном движении.

Гаммы важно играть «Легато» и обратить внимание на аккуратное подкладывание первого пальца: правильный разворот руки, её собранность и округлость. При игре аккордов пальцы упругие, чёткий, крепкий звук. При игре хром. гаммы следим за синхронностью движений обеих рук, одновременным и не размашистым исполнением.

Сегодня на уроке мы поговорим о художественном образе произведений. Что же это за понятие «художественный образ»? Это композиторский замысел. Это то, что показано в музыке... это мысли, чувства автора, отношение к своему сочинению.

Художественный образ в музыке раскрывается при помощи средств музыкальной выразительности. К средствам музыкальной выразительности относятся: мелодия, лад, темп, ритм, размер, регистр, динамика, штрихи, паузы, гармония, тембр, музыкальная форма произведения (совокупность всех муз. средств, выражающих содержание).

Работа над созданием художественного образа – сложный процесс. Рождение художественного образа произведения – это раскрытие его характерных особенностей, его «лица». На сегодняшнем уроке мы на примере наших произведений проследим становление, выражение музыкального образа.

Особенностью музыки является то, что она может с огромной непосредственностью и силой передавать эмоциональное состояние человека, всё богатство чувств и оттенков, существующих в реальной жизни.

Исполнитель, будучи посредником между слушателем и композитором, должен оживить, озвучить музыкальное произведение, творчески осмыслить его и выразить те мысли и чувства, которые стремился передать композитор.

3. Г. Гладков: «Песенка Львёнка и Черепахи» (15 мин).

Беседа о творчестве композитора, биографические сведения, создание художественного образа, разбор средств музыкальной выразительности, работа над развитием музыкальной речи посредством штрихов, оттенков, работа над ритмом, работа над правильным звукоизвлечением.

Сегодня на уроке мы будем учиться создавать образы при помощи средств музыкальной выразительности на примере «Песенки Львёнка и Черепахи» Г. Гладкова из мультфильма «Как Львёнок и Черепаха пели песню».

Геннадий Игоревич Гладков (род. 18 февраля 1935, Москва, СССР) — советский и российский композитор, автор музыки к научным и популярным кино- и телефильмам

(таким, как «Собака на сене», «Обыкновенное чудо», «Формула любви», «12 стульев» и т. д.), мультфильмам («Малыш и Карлсон», «38 попугаев», «Бременские музыканты») и мюзиклам.

Народный артист Российской Федерации (2002). Кавалер ордена «За заслуги перед Отечеством» IV степени.

Геннадий Гладков — композитор оказался таким же, как и его музыка — весёлым (даже озорным), жизнерадостным, искренним, энергичным, романтичным и очень «лёгким».

49 день рождения отметит в этом году «Песенка львёнка и черепахи». В одноименном мультфильме сюжет простой, Львёнок идет по пустыне встречает лежащую черепаху и они вдвоем поют песенку.


Композитор Г. Гладков и исполнитель песни никогда не были в Африке, но им настолько удалось передать характер яркого, беззаботного вечного лета, что при прослушивании Песенки львёнка и черепахи и от просмотра мультфильма остаются очень теплые и трогательные впечатления.

У всех на слуху незатейливый мотив и слова этой простой и очень популярной песенки:

Я на солнышке сию,
Я на солнышко гляжу.
Все сию и сию,
И на солнышко гляжу.

В процессе исполнения эту песенку поют то Черепаха, которая её сочинила, затем Львёночек, который выучил её, и потом они стали петь её вместе. В песенке 4 куплета и последний из них уже исполняется Львёнком. Образ Львёнка, в отличие от медлительной и тяжело передвигающейся Черепахи, весёлый, лёгкий, быстрый, жизнерадостный. Такой же весёлый, задорный и характер песенки.

Давай мы подробно рассмотрим, с помощью каких средств музыкальной выразительности достигается художественный образ в нашей песне.




Мы рассмотрим средства выразительности, которые помогают раскрытию художественного образа. Прежде всего это мажорный лад (тональность фа мажор), темп. Пунктирный ритм в мелодии и четверти, исполняемые приёмом игры лёгкого стаккато также в мелодии и в басу (в партии левой руки), отчётливо передаёт походку (шаги с подскоками) беззаботного, весёлого Львёночка. Также, во многом созданию весёлого настроения в песне способствует то, как движутся звуки в мелодии. Они «как по лесенке скачут вверх и вниз», опять же всё тот же звучит неровный ритм, короткие фразы.



В этой пьеске очень важно прочувствовать характер, точно выполнить динамику, и поработать над штрихом стаккато: оно должно быть упругим, собранным. Для этого кончик пальца должен быть активным.

Вот так поэтапно проводилось разучивание песни по фразам, работа над пунктирным ритмом, чистотой интонации и характером исполнения песни. Важно также было скоординировать исполнение шагов-четвертей в партиях обеих рук, уделить внимание сохранению темпа, и маршеобразного, чёткого, как бы пульсирующего ритма из-за такой естественной необходимости приводить эту довольно выразительную мелодию к главной, опорной нотке каждой фразы на небольшом крещендо.





А теперь, София, сыграй пьесу целиком и попробуй донести до нас, слушателей, образы, о которых мы только что поговорили.

4. Ф. Рыбичкий – «Кот и мышь» (15 мин). Беседа о творчестве композитора, биографические сведения, создание художественного образа, разбор средств музыкальной выразительности, работа над развитием музыкальной речи посредством штрихов, оттенков, работа над ритмом, работа над правильным звукоизвлечением.

Педагог: Рыбичкий (24 января 1899 г) - это польский композитор, дирижёр, педагог. Был дирижёром в Варшавской филармонии, ораторского хора, во время войны преподавал фортепиано. Написал более 50- пронумерованных опусов для оркестра, хора, вокально – инструментальных и фортепианных произведений.

Кот и мышь — это характерная пьеса, это как музыкальная картинка, в которой показывают двух персонажей кота и мышку.

Кот, какими средствами выразительности показан, как композитор показал, что это кот. Педагог: Где у нас проводится партия кота, каким образом?



Ученик: Легато.

Педагог: Да, правильно, потому что у кота движение плавное. Кот у нас какой большой или маленький?

Ученик: Большой.

Педагог: А как мы это узнали?

Ученик: По динамике крешендо.

Педагог: Хорошо, а ещё что? Вот посмотри, что это за значки в левой и в правой руке.

Ученик: Басовый ключ.

Педагог: Правильно, то есть у нас партия кота проходит в каком регистре высоком или низком?

Ученик: Низком.

Педагог: Да, тут показано, что кот большой и грозный, по сравнению с мышкой. Хорошо, партия кота у нас низком регистре, легато, крешендо, но тут есть ещё и диминуэндо. Кот вроде как бы насторожился, а потом не решился на мышку все-таки напасть. А как представлена мышка, в каком она регистре?



Ученик: Высоком.

Педагог: Да, правильно. В скрипичном ключе написана партия мышки. Кот у нас ты говоришь на легато, а вот посмотри каким образом идёт легато скачками или поступенно?

Ученик: Поступенно.

Педагог: То есть по звукам гаммы, а мышка движется не по звукам гаммы, а каким образом?

Ученик: Стаккато.

Педагог: Это штрих, а регистр?

Ученик: Высокий.

Педагог: И ещё что тут уже не гамма, а как играют?

Ученик: Вместе.

Педагог: А как это называется, одним словом, когда играют вместе?

Ученик: Аккорд.



Педагог: Молодец, то есть 2 звука берется правой и левой, какой – то интервал и вместе образуют 4 звука.

В правой руке, какой у нас интервал, 2 нотки, какой интервал?

Ученик: Терция.

Педагог: А в левой.

Ученик: Секунда.

Педагог: Секунда и терция, секунда — это такой интервал диссонирующий, который звучит резко, и он тоже будто передаёт писк мышки, то есть использована секунда, стаккато, аккорд в верхнем регистре, то есть мышка что делает? Как мы её слышим, кот слышит её писк, как она что – то грызёт или скребётся. Мышка представлена у нас в верхнем регистре, аккордами на стаккато, а динамика, какая?



Ученик: Пиано.

Педагог: Хорошо, то есть тихо, человек мышек практически не слышит, а вот коты они такие они слышат, а кот представлен каким звуком?

Ученик: Меце форте.

Педагог: Да, совершенно два разных характера. Вот давай сейчас размер у нас 4 четверти, со счётом вслух, мы покажем мышку. А что на 4 – и?

Ученик: Пауза.

Педагог: то есть мышка у нас 3 раза пискнула и помолчала. Молодец, а последний аккорд у нас ещё появляется один звук, вот его нужно хорошо прям, показать, тут коту вообще нужно было насторожиться, когда он, услышав такой вот высокий, тоненький звук. Повторим ещё раз, покажем мышку.

Хорошо, и вовремя 4 - и мы переносим руки в низкий регистр, чтобы показать, как идёт кот. Давай, звуками гаммы, не торопись, кот идёт восьмыми, мышка четвертными, а кот восьмыми. Хорошо, теперь обратим внимания на партию кота, она идёт на легато до самой нотки ля, вот провести её до ля и вверх сделаем немного крешендо. Молодец, теперь опять мышка у нас скребётся. А вот посмотри, чем отличается первое проведение мышки от второго. Первое проведение у нас было на пиано, а вот второе уже немного погромче, мышка осмелела. Хорошо, давай попробуем закрепить партию мышки и кота.



София исполняет произведение «Кот и мышь».

5. Итог: Домашнее задание (2 мин) .

Заключение:

